



Дидактикалық ойындар картотекасы

№ 1 «Кім есінде көп сақтайды?»

Мақсаты: Көріп есте сақтауын дамыту.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға кезекпен бірнеше суреттер көрсетеді, онда әр түрлі заттар бейнеленген. Балалар мұқият қарап, 1-2 минут аралығында есте сақтайды. Содан кейін тәрбиеші суреттерді алып тастайды да, балаларға оларды атау керектігін, яғни кім қайсысын есінде сақтағанын сұрайды. Кім көп атаса, сол-жеңімпаз.

№ 2 «Жасырған затты тап»

Мақсаты: Тез ойланып таба білуге үйрету, зейіндерін тұрақтандыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Ойын шарты: Ойыншықтарды бір-бірлеп таныстырып алып, балалардың көздерін жұмғызып, бір ойыншықты жасыру арқылы не өзгергендігін, ненің жоқ екендігін балалардан сұрау. (Ойынды бірнеше рет ойнату)

№ 3 «Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдеріне байланысты білімдерін анықтау және әрі қарай дамыту.

Ойынның шарты: Жауап берген балаға сақина беріледі. Жүргізушінің сұрағына қарай жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атау.

Ойынның барысы: Жүргізушінің қойған сұрақтарына балалар ойланып, дұрыс жауап береді.

1. Балалар, қай кезде қызыл, сары жапырақтар көп болады?

2. Қай кезде жеміс-жидектер жиналады?

Балалардың жауаптарынан табиғат құбылыстары мен адам еңбегінің қай жыл мезгіліне байланысты екенін анықтауға болады.

№ 4 «Танып ал да, атын ата»

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.

№ 5 «Дыбысты ата»

Мақсаты: Сөздегі бірінші, соңғы дыбысты белгілеп үйрету.

Қажетті құралдар: Барлығында бір дыбыс бар заттық суреттер.

Ойын барысы: Тәрбиеші суреттерді атап көрсетеді. Балалар тыңдап барлық сөздердегі дыбысты атайды. Және осы дыбысқа өзінің мысалдарын келтіреді.

№ 6 «Сөздегі бірінші дыбысты ата»

Мақсаты: фонематикалық қабылдауын дамыту.

Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықты көрсетіп, оның аты қандай дыбыстан басталатынын сұрайды. Содан кейін басқадай сөздер беріледі: достарының аттары, жануарлар, заттар. Дыбыстардың нақты айтуын қадағалау (дыбысты созбай айтқызу б-бэ емес)

№ 7 «Жапырақтар»

Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету.

Қажетті құралдар: Жұқа қағаздан ойып жасалған сары және қызыл жапырақтар.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаға күзде ағаштардың жапырақтары түсетінін түсіндіреді. Бұл құбылыс жапырақтардың түсуі деп аталады. Жапырақтардың түсуін үйде ұйымдастыруды түсіндіреді. Бала жапырақтар ұшатындай, оларға үрлейді. Жаттығу 2-3 рет орындалады.

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

№ 8 «Аулада»

Мақсаты: Тілдік естуді және дауысқа еліктеу қабілеттілігін дамыту.

Қажетті құралдар: Ойыншық қораз, тауық, қаз, торғай.

Ойын барысы: Тәрбиеші өлеңді мәнерлеп оқиды және сәйкес суреттерді көрсетеді.

Ақ тауық ау ақ тауық
Ақ тауық неден қақсауық
Ертемен қыт - қыттайды
Ауламыздан шықпайды.
Балпаң басқан үйрегім
Бұлтындайды бүйрегің
Жалпақ тұмсық жем іздеп
Қыркылдайсың, қоймайсың
Тамаққа бір тоймайсың.
Торғай – торғай тоқылдақ
Жерден тары шоқып ап.
Бөтегесі томпайып,
«Шиқ-шиқ» десіп отырмақ.
Тікірейіп құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп,
Беті – қолын жуады.
Мяу – мяу, мяу – мяу.

№ 9 «Кім алғыр?»

Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.

Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине.

Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда» :

- Аюды ал және мәшинеге отырғыз.
- Аюды мәшиненің ішінен ал.
- Мәшинеге қуыршақты отырғыз.
- Қуыршақты мәшинемен қыдырт.

Бала бұл тапсырмаларды естуі, тусінуі және орындауы қажет. тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ айқын болу керек.

№ 10 «Суретші қай жерде қателесті?»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.

Ойынның мазмұны:

Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.

№ 11 «Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.



№ 12 «Бет орамалға лайық жамауларды табу»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар: бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер.

Ойын барысы: Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.

№ 13 «Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.



№ 14 «Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

№ 15 «Зейінді бол»

Мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.

Қажетті құралдар: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.

Ойын барысы: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.



№ 16 «Көп және біреу»

Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Қажетті құралдар: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.

№ 17 «Тәулік бөліктері»

Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: суреттер

Ойын барысы: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.



№ 18 «Нан дастарханға қалай келеді?»

Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Діқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын

толықтыру: майдалау, себу, діқаншы, комбайын, элеватор, диірмен.

Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.

№ 19 «Бұл қандай құс?»

Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.

Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар? (тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы)

№ 20 «Үй жануарлары»

Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін атауға, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі, олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге дене мүшелерін де атап, үй жануарлары туралы білетін жұмбақтарын шешкізеді

№21 «Жалпы атауын ата»

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды
мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.

№22 «Не артық?»

Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.

№23 «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Ойын барысы: суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді.

№24 «Қарап ал да есіңе сақта»

Мақсаты: Балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып әрқайсысын ретімен атап шығуға жаттықтыру.

Ойын барысы: Әр түрлі суреттерді көрсетіп ретімен атауға сұрайды.

№25 «Жер,су,ауа»

Мақсаты: Балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

Ойын шарты: Балалар дөңгеленіп отырады. Біл бала ортаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер не ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балықты атайды. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.

№26 «Бізге күз не әкелді?»

Мақсаты: Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету.

Ойын шарты: Суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында олар туралы балалардың білетін тапқатарын айтқызуға болады.

№27 «Кімге не керек?»

Мақсаты: Балалар мұғалім, дәрігер, құрлысшы, спортшыға қажет құралдарды тауып қоюы керек. Балаларды тапқырлыққа үйрету.

Ойын шарты: Суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екеннің табу.



№28 «Жануарларды қалай күту қажет?»

Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.

Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.

- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:

Жануарларды жақсы көру керек.

Жануарларды күту керек.

Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек. Олармен ойнау керек.

Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды



№29 «Гүлдерді күтеміз»

Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.

Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.

№30 «Жақсы әдет» «Жаман әдет»

Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.

Ойын шарты: Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекеттің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып айтады.

№31 «Өзі және отбасы»

Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.

Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.

Ойын шарты: суреттер бойынша әңгіме жүргізу.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз.

Анам, әкем, апам, атам және мен.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз. Балалар санамақты тыңдап, тәрбиешінің артынан қайталайды. Саусақтарымен санап көрсету арқылы санамақты қайталайды.

Санамақта ата, апа, аға, әпке, бауыр туралы айтылған. Осы айтылғандардың бәрін отбасы деп атаймыз.

Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешен, ата - ана.

Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады.

№32 «Құстарға қалай көмектесеміз?»

Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу.

Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.

Ойын шарты: суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.

- Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?

- Құстар ұяны не үшін салады?

- Құстардың денесін не жауып тұрады?

№33 «Жол әліппесі»

Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету.

Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.

Ойын шарты: Көлік жүргізушілер мен жүргіншілер жолда қалай жүру керек екенін суреттер бойынша көрсетіп, әңгімелейді.

№34 «Үйдегі жиһаздар»

Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі көк, төрт аяғы бар) үйрету. Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру.

Жиһаздары күтуге тәрбиелеу.

Ойын шарты:

Тәрбиеші бөлме бейнесінің суретін көрсетеді.

Жиһаздар дүкеніне барайық.

Тәрбиеші балаларға ойлануға ұсыныс жасайды: Қуыршақтың бөлмесіне қандай жиһазды қоюға болады?

Мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер жауабын табыңдар.

1.Төрт аяғы болса да,

Етік киіп көрмеген.

Жалқаулығы соншама,

Аттап шықпас бөлмеден. (үстел)

2.Мен жәйлімін, жұмсақпын,

Мені табу қиын емес-

Ұнатады әжелер мен сәбилер

Отыруға, жатуға.(Диван)

3.Кеш батты, шаршадың сен, ұйқың келді

Ұйқы бөлмеде күтіп тұр сені ... (Кереует)

Сурет арқылы әңгіме құрау, жиһаз түрлерін атап өз ойларын айтады.

№35 «Қазақ халқының салт -дәстүрлеріне саяхат»

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт- дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету. Салт- дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Ойын шарты: Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдарын суреттер бойынша айтқызу және әңгімелету (ұлттық мерекелер,ұлттық ойындар,ұлттық киімдер,зергілік бұйымдар,ұлттық ою....). Кигіз үй туралы айтып оны құрастыру.

№36 «Пайдалы - пайдасыз»

Мақсаты: пайдалы-пайдасыз азық –түлік жөнінде балалардың түсініктерін дамыту қалыптастыру.

Ойынның барысы: Үстелдің үстіне азық – түліктің суреттері қойылады.

Балалар бір-бірден келіп бір сурет алып, ондағы тағамның пайдалы немесе пайдасыз екенін айтып түсіндіріп, екінші стөлге қояды. Балалар пайдалы және пайдасыз тағамдарды екіге бөліп қоюлары керек.

№37 «Менің ата-аналарымның мамандықтары»

Мақсаты: балаларды ата-аналарының мамандықтары туралы білімдерін кеңейту. Тәрбиеші балалармен отбасындағы ересек адамдардың мамандықтары мен атқаратын іс-әрекеттері туралды әңгімелеседі. Ол ерекше зейінді ересектердің балаларына қамқорлығын айтады.

№38 «Жанды-жансыз»

Мақсаты: Жанды және жансыз табиғаттың нысандары мен материалдары жайлы балалардың білімдерін бекіту. Тәрбиеші нысан немесе материалдар атын атайды, ал балалар аталған нысан «Жандыға» жататын болса, алақандарымен шапалақтайды, «Жансызға» жататын болса, тізерлеп отырады. Мысалы: кун, ағаш, құм, аю және т.б.

№39 «Үй жануарларының көлеңкесін тап»

Мақсат-міндеттері:

Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: Көлеңкелері бейнеленген үй жануарларының суреттері.

Ойын шарты: Үй жануарларының суретін тауып, көлеңкелерінің үстінен беттестіріп жапсыру.

№40 «Рәміздер»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен символикаларын атауға үйрету. Балаларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Елтаңба, ту, алтын адам, бәйтерек, киіз үй, домбыра, ұлттық тағамдар, теңге суреттері.

Ойын барысы: Рәміздердің суретін тауып, көлеңкелерінің үстінен беттестіріп жапсыру.